



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

ЕРЕЖЕ

БЕКІТЕМІН

Х.Досмұхамедов атындағы

Атырау университетінің

Бақарма төрағасы- ректор

С.Идрисов

«21» 04 2023ж.



**УНИВЕРСИТЕТТІҢ ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҮКТЕМЕЛЕРІН ЖОСПАРЛАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

СМК № 181

Атырау 2023ж.



Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Басылым: төртінші

Университеттің профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемелерін жоспарлау туралы ереже

2-бет, 21 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Білім бағдарламасының академиялық сапасын арттыру және дамуын қамтамасыз ету кеңсесінің жетекшісі	Ж.У.Сулейменова		19.04.23
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры	А.Е.Чукуров		20.04.23
	Вице-проректор (цифрлық офицер)	К.М.Утепкалиева		20.04.23
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Қайшыгулова		19.04.23
	Заң кеңесшісі	К.С.Куанов		20.04.2023

Мазмұны

1	Қолдану саласы	4
2	Белгілер мен қысқартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Жалпы ережелер	5
5	Академиялық легі мен топтар бойынша оқу жұмысының аудиториялық түрлерін жоспарлау тәртібі	5
6	ПОҚ педагогикалық жүктемесін жоспарлау	7
7	Оқу сабақтарының әр түрлері бойынша оқу жұмысын жоспарлау	9
8	Құқықтар мен жауапкершілік	11
9	Танысу парағы.....	12
10	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы.....	13
	Қосымша 1	14
	Қосымша 2.....	16
	Қосымша 3.....	17
	Қосымша 4.....	18
	Қосымша 5.....	19

1 Қолдану саласы

- 1.1 Осы Ереженің мақсаты оқу түрлері бойынша педагогикалық жүктемені, оқу және оқудан тыс жұмыс түрлері бойынша уақыт нормасын есептеу тәртібін, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің (бұдан әрі-Университет) профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлауды анықтау болып табылады.
- 1.2 Осы Ереже ПОҚ жұмыстарының барлық түрлерін жоспарлау, бөлу, қайта бөлу және есепке алу бойынша кафедра қызметін жүзеге асыру кезіндегі іс-қимылдардың мазмұнын, мерзімдері мен дәйектілігін айқындайды.

2 Белгілеу және қысқартулар

ӘБҚ-әкімшілік-басқару персоналы
БП-базалық пәндер
ҚББТ-қашықтықтан білім беру технологиялары
АКТ-ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
ЖЖЖ-жеке жұмыс жоспары
ЖАОК-жаппай ашық онлайн курс
СМО-сапа мониторингі офисі
ЖБП-Жалпы білім беру пәндері
ББАСАЖДҚЕО- Білім бағдарламасының академиялық сапасын арттыру және дамуын қамтамасыз ету офисі
ББ-білім беру бағдарламасы
ТК-тіркеу кеңсесі
АМЖП-академиялық мәселелер жөніндегі проректор
БД-бейіндік пәндер
ПОҚ-профессор-оқытушылар құрамы
ҚББ-құрылымдық бөлімшенің басшысы
СӨЖ-студенттің өзіндік жұмысы
СОӨЖ - студенттің оқытушымен өзіндік жұмысы
ОКП-оқу-көмекші персонал.

3 Нормативтік сілтемелер

Бұл құжат нормативтік құжаттардың негізгі ережелеріне сәйкес әзірленген:

- 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген (20.02.2023 № 66 өзгерістер мен толықтыруларымен)
- Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген (20.02.2023 № 66 өзгерістер мен толықтыруларымен)

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің типтік ережелері;

-2011 жылдың 20 сәуірінде №152 бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесі;

- «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарындағы профессор-оқытушылар құрамының ұсынылатын педагогикалық жүктемесін және ең төменгі жалақысын айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 25 наурыздағы № 122 бұйрығы.

4 Жалпы ережелер

1. Осы ереже білім беру үдерісіне қатысатын университеттің барлық құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті болып табылады.
2. Оқу-педагогикалық жүктеме академиялық сағатпен есептеледі.
3. Профессор-оқытушылар құрамының жылдық оқу жүктемесі 680 сағаттан аспайтын көлемде жылдық жұмыс уақытыны нормасы шегінде белгіленеді және ғылыми кеңестің шешімі негізінде университеттің Басқарма Төрағасы-ректорымен бекітіледі.
4. ПОҚ жұмыс уақытына атқаратын лауазымына байланысты оқу, тәрбие жұмысы, білім алушылармен жеке жұмыс, ғылыми, шығармашылық және зерттеу жұмысы, сондай-ақ лауазымдық міндеттерінде және (немесе) жеке жоспарда көзделген басқа да әдістемелік, дайындау, ұйымдастыру жұмыстары, мониторинг жүргізу бойынша жұмыс, жоспарда көзделген білім алушылармен өткізілетін тәрбиелік, дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық, шығармашылық және өзге де іс-шаралар кіреді.
5. Университеттің ПОҚ-ға жатқызылған педагог қызметкерлердің лауазымдарына: оқытушы, аға оқытушы, қауымдастырылған профессор, профессор, оқытушы зерттеуші, кафедра меңгерушісі, деканның орынбасары, факультет деканы жатады.
6. Университеттің штаттық кестесін университеттің Директорлар кеңесі бекітеді, ал университет пен кафедралардың жылдық оқу жүктемесі ББАСАЖДҚЕО басшысының ұсынысы бойынша Ғылыми кеңесте бекітіледі (2-қосымша).
7. ПОҚ ЖЖЖ кафедра мәжілісінде қаралады, оқу жылы басталғанға дейін факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің мәжілісінде бекітіледі.
8. Университетте оқу жұмысының келесі түрлері белгіленеді – аудиториялық және аудиториядан тыс. Аудиториялық:
 - дәрістер;
 - практикалық (семинарлық) сабақтар;
 - студиялық сабақтар;
 - жеке сабақтар
 - зертханалық жұмыстар
 - оқытушының жетекшілігімен білім алушының өзіндік жұмысы;
 - курстық жұмыс /жоба;Аудиториядан тыс:
 - кәсіптік практика (оқу, оқу-таныстыру, педагогикалық, археологиялық, тілдік, өндірістік, зерттеу, диплом алдындағы және т. б.);
 - дипломдық жобалау (жұмыс);
 - ғылыми-педагогикалық магистратура үшін тағылымдамадан өтуді және магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы;
 - тәжірибеден өтуді және магистрлік жобаны орындауды қамтитын эксперименттік - зерттеу жұмысы - бейіндік магистратура үшін;
 - әкімшілік жұмыс.
9. Педагогикалық жүктеме көлемін есептеу бакалавриат, магистратура ББ бойынша жұмыс оқу жоспарларының; білім алушылар контингентінің негізінде жүргізіледі және сабақ кестесі бойынша оқытушының білім алушымен байланыс жұмысының уақытын құрайды.

10. Кафедраның педагогикалық жүктемесін есептеу мен бөлуді кафедра меңгерушісі әзірлейді және есептеулердің дәлдігіне жауап береді.
- 5 Академиялық легі мен топтар бойынша оқу жұмысының аудиториялық түрлерін жоспарлау тәртібі**
1. Оқу сабақтарын ұйымдастыру және өткізу академиялық топтар (практикалық/семинарлық сабақтар) және лектер (дәрістер) бөлінісінде жүзеге асырылады.
 2. Дәріс сағаттары курстың барлық білім алушыларын қамтитын лекке есептеледі (100 – ге дейін студент, жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін-60 магистрантқа дейін). Курсты лектерге бөлуге әртүрлі оқу бағдарламалары болған кезде немесе лектегі студенттер саны, әдетте, 70-тен астам білім алушыдан асқан жағдайда ғана жол беріледі. Академиялық лектер білім беру бағдарламалары, тіл бөлімдері бойынша қалыптасады (1-кесте).
 3. Білім беру бағдарламасы бойынша топтарды қалыптастыруға барлық оқу түрлері бойынша (дуальды жүйе бойынша білім алушылардан басқа), әдетте, бакалавриаттың әр тобында 30 - дан аспайтын студент, магистратурада 20-дан аспайтын білім алушы болғанда жол беріледі.
 4. Академиялық лектер мен топтар сол пәнге және сол оқытушыға тіркелген білім алушылардың жеткілікті саны және рентабельділіктің жеткілікті деңгейіне қол жеткізу қағидасы бойынша қалыптастырылады.
 5. Курс (пән) академиялық кезеңде толыққанды топ болған кезде және кемінде 8 адам ашылады. Білім алушыларды пәндерге жазу кезінде толық топ қалыптаспаған жағдайда ТК кафедрамен бірлесіп білім алушыларды басқа элективті курсқа (пәнге) қайта жазуды жүзеге асырады.
 6. Оқу жоспарында оқуға ұсынылған таңдау курстарынан көп студенттер жазылған бір курс таңдалады.
 7. Практикалық сабаққа сағаттарды есептеу академиялық топқа жүргізіледі. Тілдер бойынша практикалық сабақ (қазақ, орыс, шет тілдері), сондай-ақ студиялық және зертханалық сабақтар топтарда/кіші топтарда өткізіледі.
 8. Шығармашылық мамандықтар бойынша жеке сабақтар әр студентке жоспарланады.

Кесте 1. Оқу жүктемесін қалыптастыруға арналған білім алушылар контингентінің шәкілі

Білім деңгейі	ЖБП циклінің пәндері			БП және БП циклінің пәндері		
	Дәрістер	Практ. саб.	Студ Зертх.саб	Дәрістер	Практ. саб	Студ Зертх.саб
Бакалавриат	100-ге дейін	25-30	12-15	20-70	25-30	12-15
соның ішінде:		12-18				
- қазақ тілі, орыс тілі, шет тілдері пәндері үшін						
-дене шынықтыру бойынша пәндер үшін		12-18			12-18	
- ИКТ үшін			12-15			
- шығармашылық мамандықтары үшін						2-10

9. Курстық жұмыстар / жобалар пән бағдарламасын игеруге бөлінген сағат шегінде орындалады. Бұл жерде курстық жұмыстарды/жобаларды жазу бойынша кеңес

берулер СОӨЖ сағаттарының есебінен көрсетіледі. Егер білім беру бағдарламасында «курстық жұмыс» бақылау нысаны көрсетілсе, онда курстық жұмысты қорғау аралық аттестаттау кезеңінде болады. Егер бақылау нысаны «*емтихан, курстық жұмыс*» болса, онда курстық жұмысты қорғау рейтинг аптасында өтеді.

10. Өзіндік жұмыс екі түрге бөлінеді – оқытушының басшылығымен орындалатын білім алушының өзіндік жұмысы (СӨӨЖ) және білім алушылардың толық өз бетінше орындайтын бөлігі (СӨЖ). СОӨЖ кафедрада құрастырылған және факультет деканы бекіткен, оқу сабақтарының жалпы кестесіне кірмейтін жеке кесте бойынша орындалады. СОӨЖ сағаттарының жалпы саны оқу бағдарламасының неғұрлым күрделі мәселелері, үй тапсырмаларын, курстық жобаларды (жұмыстарды) орындау, семестрлік жұмыстарды, есептерді және СӨЖ тапсырмаларының басқа түрлерін бақылау, оның ішінде «On-Line» режимінде кеңес берулерді қамтиды.
11. Білім алушылардың оқытушымен өзіндік жұмысы оқытушының кафедрада болған уақытын көрсете отырып жоспарланады. Кеңес берулерді кафедралар академиялық лектерге, ерекше жағдайларда топтарға жоспарлайды.

6 ПОҚ педагогикалық жүктемесін жоспарлау

1. Дәріс оқу ғылым докторы, ғылым кандидаты, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі, ғылыми атақтары (қауымдастырылған профессор (доцент), профессор), сондай-ақ тиісті ғылымдар магистрі дәрежесі бар және (немесе) лауазымында кемінде оқытушылық үш жыл өтілі бар немесе бейіні бойынша кемінде бес жыл практикалық жұмыс өтілі аға оқытушыларға жоспарланады.
Магистратурада дәрістер ғылым докторы, ғылым кандидаты, PhD дәрежесі бар оқытушыларға жоспарланады.
2. Кафедралардың сыртқы қоса атқарушылары кем дегенде бір пән бойынша дәріс оқуды жоспарлауы керек.
Дәріс оқуға және (немесе) оқу сабақтарының басқа түрлерін өткізуге ғылыми қызметкерлер, еңбек сіңірген мәдениет, өнер, спорт қайраткерлері, шығармашылық одақтардың мүшелері немесе тәжірибелі мамандар тартылуы мүмкін.
3. Кафедралардың жетекші профессорлары бакалавриатта оқу жылы үшін кемінде бір оқу пәнін, 3 кредиттен кем емес көлемде оқуды жоспарлауы қажет.
4. Дипломдық жұмыстарға (жобаларға) жетекшілік сәйкесті бейіндегі оқытушылармен және (немесе) даярлық бейіні бойынша кемінде 10 жыл жұмыс өтілі бар еңбек қызметін жүзеге асыратын мамандармен жүзеге асырылады. 1 мөлшерлемеге жұмыс істейтін және талаптарға сай келетін бір ПОҚ үшін 8-ге дейін дипломдық жұмыстарға (жобаларға) ғылыми жетекшілік ету жоспарланады.
5. Сұратылған бағыттың бейініне сәйкес келетін ғылым кандидаты/ғылым докторы және(немесе) философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі бар және(немесе) философия докторы (PhD)/бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі/дәрежесі бар, кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, білім және ғылым саласындағы уәкілетті орган бекіткен ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынылатын ғылыми басылымдардың тізбесіне (бұдан әрі – Басылымдар тізбесі) енгізілген басылымдарда соңғы бес жыл ішінде 5 ғылыми мақаланың және JCR (ЖСР) деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Science Citation Index Expanded (Сайнс Цитэйшн Индекс Экспандед), Social Science Citation Index (Сошиал Сайнс Цитэйшн Индекс) или Arts and Humanities Citation Index (Артс энд Хьюмэнитис Цитэйшн Индекс) в Web of Science Core Collection (Вэб оф Сайнс Кор Коллекшн) базаларының бірінде индекстелетін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 25 болатын

халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда 1 ғылыми мақаланың авторы болып табылатын оқытушының ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы.

«Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар» кадрларды даярлау бағыттары үшін тиісті бейіндегі оқытушылардың соңғы 10 жылда 5 жыл практикалық жұмыс өтілі бар мамандардың білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмысына (жобаларына) басшылықты жүзеге асыруы.

6. Оқытушы-зерттеушінің педагогикалық жүктемесі университет ПОҚ педагогикалық жүктемесінің бір штат бірлігінің белгіленген көлемінің 50% көлемінде жоспарланады. Оқытушы-зерттеушінің жеке жүктемесін қалыптастыру кезінде кредиттер көлемінің кемінде 50%-ы магистранттың ғылыми – зерттеу жұмысына (оқытушы-зерттеуші туралы ереже) бөлінуі тиіс екенін ескеру қажет.
7. Кафедраның оқу жылына арналған оқу жүктемесін есептеу (3-қосымша), кафедра оқытушылары арасында оқу жүктемесін бөлу (4-қосымша) кафедра мәжілісінде қаралады, факультет деканымен, ББАСАЖДҚЕО басшысымен келісіледі және оқу жылы басталғанға дейін АМЖП бекітіледі.
8. Кафедра оқытушыларының жүктемесін бөлудегі кез келген өзгеріс оны жалпы кафедралық жүктеме шеңберінде қайта бөлу есебінен ғана жүзеге асырылады.
9. Кафедраның штаттық оқытушылары жетіспеген жағдайда оқу жүктемесінің жоспарланған көлемін орындау кафедраның ПОҚ мөлшерлемелердің қосымша үлестері бойынша жұмысқа тарту және сыртқы қоса атқару негізінде жоғары білікті мамандарды тарту арқылы жүзеге асырылады.
10. Сағаттық қор болған жағдайда кафедра меңгерушісі сағатпен орындаушы оқытушының оқу жүктемесін орындауға тарта алады.
11. Кафедра меңгерушісі белгіленген уақыт нормаларының сақталуына және кафедра оқытушылары арасында жүктеменің бөлінуіне дербес жауапкершілікте болады.
12. Оқытушының жеке оқу жүктемесін жоспарлау кезінде кафедра меңгерушісі әр оқытушының оқу жүктемесін төмендегілерді ескерумен анықтайды:
 - №169 ереже "Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті "КеАҚ педагог қызметкерлері лауазымдарының біліктілік сипаттамалары" (08.12.2021 ж.);
 - оқу үдерісін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс көлемі, оның ішінде білім беру қызметінде қойылатын Біліктілік талаптарына сәйкес (74, 89-тармақтар) курстық жұмыстарға (жобаларға), дипломдық жұмыстарға (жобаларға), магистрлік жобаларға (диссертацияларға) басшылық ету және түлектерді қорытынды аттестаттауға қатысу;
 - семестрлер бойынша оқу жүктемесін бөлудің біркелкілігі;
 - оқытушының педагогикалық жүктемесі, сондай-ақ оның оқу жылындағы өзгеруі ПОҚ ЖЖЖ-да тіркеледі (5-қосымша (нысанды пайдалану), оқытушылар жеке толтырады, басып шығарады және кафедра меңгерушісіне тапсырады.
13. Кафедра меңгерушілері оқу жүктемесінің сағатын жиынтық есептеуді, оқу жүктемесінің тапсырма лимитін, барлық штат бірліктерін толық жүктеу қағидатын және жүктеменің біркелкілігін негізге ала отырып, семестрлер бойынша оқу жүктемесінің жалпы көлемін штат кестесіне сәйкес лауазымдық бірліктерді көрсете отырып, кафедраның ПОҚ бойынша бөледі және ББАСАЖДҚЕО-ға ұсынады. Кафедра меңгерушісі бөлінген мемлекетке кафедра бойынша жылдық оқу жұмысының барлық көлемін орындауға міндетті.
14. Кафедра меңгерушілері ПОҚ-ның жеке оқу жүктемесін бөлу кезінде оқытушылардың білімінің сәйкестігін және/немесе олардың ғылыми дәрежесінің оқытылатын пәндер бейініне сәйкестігін ескереді.
15. Ағымдағы оқу жылына оқытушы жұмысының көлемі мен түрлерін анықтайтын негізгі құжат оқытушының ЖЖЖ болып табылады.

16. ПОҚ ЖЖЖ-на оқытушы, кафедра меңгерушісі қол қояды және факультет деканы бекітеді. Қажет болған жағдайда кафедра шешімінің негізінде оқу жылы ішінде оқытушының ЖЖЖ-на өзгерістер енгізілуі мүмкін. ЖЖЖ-на оқу жүктемесінің нақты орындалуы байқалады.
- 7 Оқу сабақтарының әр түрлері бойынша оқу жұмысын жоспарлау**
1. Оқу жұмысының көлемін жоспарлау кезінде бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең екендігіне негізделеді. Оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.
 2. Теориялық оқыту мен аралық аттестаттауды жоспарлау кредиттердің бірыңғай көлемімен жүзеге асырылады, яғни әрбір пәнге берілетін кредиттердің жалпы саны оны зерделеуді де, даярлауды да, осы пән бойынша аралық аттестаттау нысандарынан өтуді де қамтиды.
Дене шынықтыру сабақтарын өткізу кезінде 1 кредит 30 байланыс сағатына тең.
 3. Әрбір оқытушыға аудиториялық жүктеме көлемін жалпы жылдық жүктеме көлемінің 60% -дан кем емес шамада жоспарлау ұсынылады.
 4. ПОҚ педагогикалық жүктемесін жоспарлау кезінде 2-кестеде келтірілген мәліметтерге сәйкес оның көлемін оқытушылардың оқу жүктемесін сараланған бөлуді ескере отырып, жоспарлау ұсынылады.


Кесте 2. 2023-2024 оқу жылына профессор-оқытушылар құрамының орташа педагогикалық жүктемесі

ПОҚ лауазымы		Учебная работа, не менее часов
Профессор		500
Қауымдастырылған профессор		550
Аға оқытушы		600
Оқытушы		650
Тілдік бағыттағы пәндерді қоспағанда шет (ағылшын) тілінде сабақ өткізу кезінде		400
Эдвайзер		575
Кафедра меңгерушісі		400
Декан орынбасары		300-400
Практикаға жауапты		400
ӘБК, ОКҚ және ҚБ қызметкерлері	0,5 мөлшерлемеден көп емес	Кафедра ПОҚ айналысатын лауазымына байланысты
Өңірлік комиссия жұмыс тобының мүшелері *		400

* 2020 жылғы 24 қарашада "Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық оңалту жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы" ҚР Президентінің № 456 Жарлығы шығарылды. Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеті саяси қуғын-сүргін құрбандарын құқықтық және саяси оңалту болып табылады. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық оңалту жөніндегі мемлекеттік комиссияның Өңірлік комиссиясының жұмыс топтарының құрамына университет қызметкерлері енгізілді.

5. ПОҚ оқу жүктемесін бөлу кезінде мыналарды ескеру қажет:
 - пән бойынша дәріс сағаттарының саны бірдей ББ үшін дәріс сабақтары лекке жоспарланады;

- ЖББ циклінің пәндері бойынша шағын топтарда білім алушылар ББ-ға карамастан лектерге біріктіріледі;
 - бір топтың кіші топтарындағы сабақтарды әртүрлі оқытушыларға жоспарлауға рұқсат етіледі;
 - диплом алдындағы практикаға басшылық жасау; педагогикалық, өндірістік және зерттеу практикаларына, ҒЗТҚЖ, ЭАРМ дипломдық жұмыстың (жобаның)/ магистрлік диссертацияның (жобаның) басшысына жоспарланады.
6. Қорытынды аттестаттауды аттестаттау комиссиясы жүргізеді. Бұл жерде:
- дипломдық жұмысты/жобаны қорғау-күніне 10-нан аспайтын жұмыстарды/бірлескен жобаларды қорғауға жол беріледі;
 - магистрлік диссертацияны қорғауға күніне 8 артық емес магистранттар жіберіледі.
 - ауызша және жазбаша нысандарда кешенді емтихан тапсыруға-күніне 20-дан артық емес адам жіберіледі; тест нысанында (компьютерлік тестілеу) лекпен жүргізіледі.
7. Кафедралардың ПОҚ жылдық жүктемесін жоспарлау және есепке алу 1-қосымшада көрсетілген уақыт нормаларына сәйкес академиялық сағаттарда жүргізіледі.
- 8 Құқықтар мен жауапкершілік**
- Құқығы бар:**
1. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу тек АМЖП рұқсаты бойынша жүзеге асырылады және оған қол қойылып құжаттармен рәсімделеді. Түпнұсқаға және ескерілген жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу ережелерді әзірлеу тәртібі туралы ереженің талаптарына сәйкес жүргізіледі.
 2. Түпнұсқаға және есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізгені үшін ҚББ жауапты болады.
 3. Мерзімді түрде, қажет болған жағдайда, ережелер ҚББ-мен қайта қаралады. Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болуы мүмкін:
 - заң күші бар нормативтік құқықтық актілерге жаңадан енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
 - Басқарма Төрағасы-ректордың бұйрықтары;
 - құрылымдық бөлімшелер арасында міндеттерді қайта бөлу;
 - құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;
 - АМЖП рұқсатымен өзгерістер енгізу себебін көрсете отырып,ҚББ қызметтік жазбасы.
 4. Ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгерген кезде Ереже ауыстырылуы тиіс.
 5. Ауыстырылғар жағдайда университетте күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңаларына ауыстырылуы тиіс.
- Жауапкершілік:**
1. Ережені Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің және ИСО 9001:2015 талаптарына сәйкес келісуді СМК жүзеге асырады.
 2. Ереженің есепке алынған жұмыс даналарын жіберуді СМК жүзеге асырады.
 3. Бөлімшеде Ереженің есепке алынған жұмыс данасын сақтауға ҚБЖ жауапты болады.

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті	Басылым: төртінші
	Университеттің профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемелерін жоспарлау туралы ереже	13-бет, 21 беттен тұрады

1-Қосымша

2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмысының түрлері бойынша уақыт нормалары

№ р/с	Жұмыс түрлері	Педагогикалық жүктемені есептеу үшін уақыт нормасы	Ескерту
	Аудиториялық жұмыс		
1	Дәріс оқу	Бір лекке 1 академиялық сағат	Курстың барлық білім алушыларын (70-100 адам) қамтитын лекке есептеледі
2	Практикалық (семинарлық) сабақтар өткізу	Бір топқа 1 академиялық сағат	Академиялық топ 25-30 адам.
3	Зертханалық сабақтар өткізу	Бір топқа / кіші топқа 1 академиялық сағат	Академиялық топ / Кіші топ 12-15.
4	Студиялық сабақтар өткізу	Бір топқа / кіші топқа 1 академиялық сағат	Академиялық топ / Кіші топ 2-10.
5	Консультациялар өткізу		СОӨЖ сағаттарының есебінен
6	Курстық жұмыстарды (жобаларды) қабылдау		СОӨЖ сағаттарының есебінен
7	Компьютерлік тестілеуден басқа емтиханның барлық түрлерін қабылдау	1 білім алушыға 0,25 академиялық сағат	
8	Есептерді тексере отырып, бакалавриат білім алушыларының кәсіптік практикасына (оқу, педагогикалық, өндірістік) басшылық жасау:	Студенттердің академиялық тобына аптасына 5 академиялық сағат (1 академиялық кредитке)	
	оқу практикасы (оқу-танысу, есептеу және т. б.)		Академиялық топ 25-35 адам
	өндірістік практика		Академиялық топ 15 адам
	педагогикалық практика		Академиялық топ 10 адам
9	Есептерді тексере отырып, бакалавриат білім алушыларының кәсіптік практикасына (диплом алды) басшылық ету. Диплом алды практиканы басқару дипломдық жұмыстың (жобаның) жетекшісіне жоспарланады.	1 студентке аптасына 1 академиялық сағат (1 академиялық кредитке)	Диплом алдындағы практикаға басшылық дипломдық жұмыстың (жобаның) басшысына жоспарланады.
10	Есептерді тексере отырып, магистратура білім алушыларының кәсіптік практикасына (диплом алды) басшылық ету:		Педагогикалық, өндірістік және зерттеу практикасы ғылыми жетекшіге бекітіледі.
	- педагогикалық практика	Бір магистрантка 10 академиялық сағат	
	- өндірістік тәжірибе	Бір магистрантка 5 академиялық сағат	
	зерттеу	Бір магистрантка 12 академиялық сағат	
11	Магистранттың ғылыми / эксперименттік зерттеу жұмысына басшылық ету:		Магистранттар санына қарамастан. 1 жетекшіге 8-ден артық емес магистрант бекітіледі.
	ғылыми-педагогикалық бағыт	1 ББ-ға 45 академиялық сағат	
	бейіндік бағыт	1 ББ-ға 60 академиялық сағат	
12	Дипломдық жұмысты (жобаны) басқару, оның	1 дипломдық жұмысқа 30 академиялық сағат (жоба)	Бір жетекшіге 8 дипломдық жұмысқа (жобаға) ғылыми

	ішінде орындалған жұмысқа пікір жазу және жазу		жетекшілік жасау жоспарланады. Ерекше жағдайларда 10 дипломдық жұмысты (жобаны) жоспарлауға рұқсат етіледі.
13	Магистрлік диссертацияны/жобаны басқару	1 магистрантка бітіру курсына 40 академиялық сағат	
14	Дипломдық жұмыстарды/ жобаларды, магистрлік диссертацияларды /жобаларды рецензиялау	1 дипломдық жұмысқа(жобаға), магистрлік диссертацияға / жобаға 2 академиялық сағат	Бір рецензентке 5 адамнан артық жоспарланбайды. Рецензенттің біліктілігі қорғалатын жұмыстың бейініне сәйкес келуі тиіс.
15	Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау, кешенді емтиханды ауызша және жазбаша түрде қабылдау	Әр түлекке АҚ төрағасы мен мүшелеріне (жұмыс берушілерге) 0,3 академиялық сағат	АҚ құрамы-5 мүшеден артық емес (төрағаны, техникалық хатшыны қосқанда). Аттестаттау комиссиясы отырысының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауға тиіс.
16	Магистрлік диссертацияларды қорғау жөніндегі аттестаттау комиссиясының жұмысына қатысу	Әр магистрантка АҚ (шақырылған) төрағасы мен мүшелеріне 0,5 академиялық сағат	АҚ құрамы-5-тен артық емес мүше (техникалық хатшыны қоспағанда). Аттестаттау комиссиясы отырысының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауға тиіс.

«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

"Х.Досмұхамедова атындағы Атырау университеті" КеАҚ
 Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген
 " " 202_ ж., хаттама № _____

202 -202 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫНЫҢ ШТАТЫ

№	Кафедра атауы	Жалпы оқу жүктемесі	Штаттық бірлік	Грант (штаттық бірлік)		Сағаттық қор
				бакалавриат	магистратура	
1						
2						
3						
4						
5						
Барлығы						

Басқарма төрағасы- ректор

Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

Бас есепші



Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті Университеттің профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемелерін жоспарлау туралы ереже	Басылым: төртінші
	16-бет, 21 беттен турады

3-Қосымша

«Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

«БЕКІТЕМІН»

Академиялық мәселелер жөніндегі
 проректор _____ ж.
 « ____ » _____ 202_ ж.

202_ -202_ оқу жылына «

» кафедрасының оқу-педагогикалық жүктемесін есептеу

№	Пән аты	мамандық/ ББ	Студенттер саны	Оқыту түсі	күрс	семестр	Кредиттер саны	Кіші топтар саны	Аудиториялық оқу жұмысы													
									Аудиториялық оқу жұмысы				Аудиториялан тыс оқу жұмысы				Барынты				Аудиториялық оқу жұмысы бойынша барлық сағат	
									1 сес	2 сес	1 сес	2 сес	1 сес	2 сес	1 сес	2 сес	1 сес	2 сес	1 сес	2 сес		
1									1 сес	2 сес	1 сес	2 сес	1 сес	2 сес	1 сес	2 сес	1 сес	2 сес	1 сес	2 сес	1 сес	2 сес
2									1 сес	2 сес	1 сес	2 сес	1 сес	2 сес	1 сес	2 сес	1 сес	2 сес	1 сес	2 сес	1 сес	2 сес
	ЖИЫНЫ																					

Кафедра меңгерушісі
 Факультет деканы
 ББАСАЖДҚЕО басшысы

«Х. ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ

«БЕКІТЕМІН»

Кафедра меңгерушісі

« ____ » _____ 202__ ж.

ОҚЫТУШЫНЫҢ ЖЕКЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

202__ - 202__ оқу жылы

_____ кафедрасы

(оқытушының тегі, аты-жөні, ғылыми атағы мен лауазымы)

Атырау-202__ ж

1. Оқу жұмысы

№	Пәннің / оқу жұмысының атауы	Шифр, ББ	Курс	Студенттер саны	Деріс	Практикалық, семинар сабақтар	Зертханалық, студиялық сабақтар	қорытынды бақылауды қабылдау	кәсіптік практикаға жетекшілік (бакалавриат)	кәсіптік практикаға жетекшілік (магистратура)	Диплом жұмысына / жобаға жетекшілік	МҒЗЖ/ЭЖ жетекшілік	Магистрлік диссертацияға / жобаға жетекшілік	басқа (сағаттық көр)	БАРЛЫҒЫ
I семестр															
1															
2															
3															
4															
5															
6															
7															
8															
9															
10															
II семестр															
1															
2															
3															
4															
5															
6															
7															
8															
9															
10															
	Қорытынды	Жоспарланғаны													
		Орындалғаны													

Оқытушы _____

(КОЛЫ)

Кафедра меңгерушісі _____

(КОЛЫ)

2. Оқу-әдістемелік жұмыс

№	Жұмыс атауы	Орындалу мерзімі	көлемі	орындалғаны туралы белгі	ескертпе
I жартыжылдық					
II жартыжылдық					

3. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар


№	Жұмыс атауы	Орындалу мерзімі	көлемі	орындалғаны туралы белгі	ескертпе
I жартыжылдық					
II жартыжылдық					

4. Ғылыми-зерттеу жұмысы

№	Жұмыс түрі	Орындалу мерзімі	көлемі	орындалғаны туралы белгі	ескертпе
I жартыжылдық					
II жартыжылдық					

5. Біліктілікті арттыру

№	Атауы	Өту мерзімі	орындалғаны туралы белгі	ескертпе

 ATYRAU UNIVERSITY	Х.Досмұхамелов атындағы Атырау университеті	Басылым: төртінші
	Университеттің профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемелерін жоспарлау туралы ереже	21-бет, 21 беттен тұрады

6. Тәрбие және кәсіби бағдар жұмысы

№	Жұмыс атауы	Орындалу мерзімі	орындалғаны туралы белгі	Есеп формасы	ескертпе

Оқытушының жеке жұмыс жоспарына енгізілген өзгерістер I жартыжылдық

Кафедра мәжілісінде талқыланды, № __ хаттама, « __ » ____ 202 __ ж.

Кафедра меңгерушісі _____ /
(қолы)

II жартыжылдық

Кафедра мәжілісінде талқыланды, № __ хаттама, « __ » ____ 202 __ ж.

Кафедра меңгерушісі _____ /
(қолы)

Оқытушының жеке жұмыс жоспарының орындалуы туралы есебі

Оқытушының жеке жұмыс жоспарының орындалуы туралы есебі кафедра мәжілісінде тыңдалды.

№ __ хаттама, « __ » ____ 202 __ ж.

Кафедра меңгерушісі _____ /
(қолы)

Факультет деканы _____ /
(қолы)